

Ибжанова Айнур Алимбаевнаның 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Биоыдырайтын қаптама өндіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және КО ТР 005/2011 сәйкес жаңа өнімді стандарттау» тақырыбындағы диссертациясына
ШҚІР

Қазіргі таңда Қазақстан елінде қаптаманы қолдану әр жыл халықтың қажеттіліктеріне сай өсуде. Соңғы жылдары қаптаманы тұтыну көлемінің едәуір артуы оның тапшылығын тудырды. Қазақстандық целлюлоза - қағаз өнеркәсібі тұтынушыларды қаптамамен толық қамтамасыз ете алмайтындықтан, нарықта шетелдік өндірістің қаптамалары пайда болды. Осы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының негізгі мақсаттарының бірі агроөнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Бүгінгі күні мәселе тұрмыстық қалдықтармен қоршаған ортаның улануы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, өйткені пластик пен полиэтилен салафандары барлық жерде. Бүгінгі таңда әлемнің 40-тан астам елі полиэтилен пакеттерін өндіруге және пайдалануға тыйым салады. Сондықтан, А.А. Ибжанованың диссертациясы өзекті мәселені қамтып отыр, Кеден одағының техникалық регламенті 005/2011 талаптарына сәйкес, бидай мен күріш сабанынан жасалған қаптамаға арналаған жаңа материалдардың қасиеттерін зерттеу негізінде биологиялық ыдырайтын қағаз қаптамаға нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуден тұрады.

А.А. Ибжанова зерттеу жұмыстары мен сынақтарды С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ауылшаруашылық биотехнология ғылыми-зерттеу платформасы зертханасында жүргізді. Сонымен қатар, сынақтарды Мичиган мемлекеттік университетінің Қаптама мектебінде, Ядролық физика институтының Астана филиалының қатты дене физикасы зертханасында жүргізді. А.А. Ибжанова зертханалық тәжірибелерді өткізіп, сынақтарды жүргізіп келесідей нәтижелерге қол жеткізді:

- жаңа материалды стандарттау әдісі әзірледі, яғни бидай сабанынан және байытылмаған волластониттен жасалған биологиялық ыдырайтын қағаздың шикізаты мен материалдарды физика-химиялық әдістер арқылы зерттеп, суспензия сапасының көрсеткіштерін оңтайландыру, суспензияның оңтайлы құрылымы және технологиялық көрсеткіштері мен оңтайлы пайдалану көрсеткіштерін алу режимдерін құрады;

- жаңа материалды стандарттау әдісі әзірледі, яғни күріш сабанынан және байытылмаған волластониттен жасалған биологиялық ыдырайтын қағаздың шикізаты мен материалдарды физика-химиялық әдістер арқылы зерттеу, суспензия сапасының көрсеткіштерін оңтайландыру, суспензияның оңтайлы

құрылымы және технологиялық көрсеткіштері мен оңтайлы пайдалану көрсеткіштерін алу режимдерін құрады;

- нормативтік құжат – ұйым стандарты «ҰС 940806450199 - Сабан негізіндегі жұмыртқа қаптамасы» әзірледі;

- алғаш рет Қазақстан Республикасы аумағында құрамында беріктікті қамтамасыз ететін минералды қоспасы бар сабаннан жаңа қаптама қағазын алды;

- биобдырайтын қасиеттері бар сабаннан жасалған жаңа қаптама қағазын зертхана жағдайында стандартты емес әдістермен зерттеді;

- сабаннан жасалған қағаз қаптаманың экономикалық және экологиялық тиімділігін есептеді.

А.А. Ибжанова диссертациясында отандық және шетелдік ғалымдардың 300 астам ғылыми, оқу әдістемелік әдебиеттеріне шолу жасаған, сондықтан жүргізілген жұмысы теориялық тұрғыдан келістірілген.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқу үрдісіне диссертациялық жұмыс бойынша нәтижелерді енгізу «Сәйкестікті растау саласында аккредиттеу» (бакалавриат, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» бағыты) пәні бойынша қазақ және орыс тілдерінде сабақтар өткізу кезінде пайдаланылады. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша жарияланымдар: Scopus базасына кіретін журналдарда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК 3 мақала, пайдалы модельге 1 патент алынды, Халықаралық РСТ патентке берілген 1 өтініштің оң шешімі, 1 ұсыныс, ХҒПҚ 6 мақала, ҚР ХҒПҚ 6 жұмыс жарияланған.

Еңбек сүйгіштігінің арқасында Айнур Алимбаевна Ибжанова оқытушылар, студенттер және басқа білім алушылар, ғылыми қызметкерлер арасында абыройлы, еңбекқор, талапшыл, кафедраның, факультеттің және университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласады, стандарттау және сертификаттау саласындағы жетекші маман және жас оқытушылардың бірі деуге болады.

А.А. Ибжанованың «Биобдырайтын қаптама өндіру технологиясының ғылыми-техникалық негіздерін әзірлеу және КО ТР 005/2011 сәйкес жаңа өнімді стандарттау» тақырыбына жазған диссертациясы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияға қойылатын талаптарына сай және 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,

«С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ

«Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының

профессор м.а., т.ғ.д.



Р.К. Ниязбекова